

Мүміндердің Анасы – Зәйнәб Хузәймақызы (оған Аллаһ разы болсын) туралы қисса

قصة أم المؤمنين زينب بنت خزيمة رضي الله عنها

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخي>



فريق اللغة الكازاخية بدار الإسلام

Islamhouse.com сайтының қазақ тілі бөлімшесі



МҮМІНДЕРДІҢ АНАСЫ – ЗӘЙНӘБ ХУЗӘЙМАҚЫЗЫ**(АЛЛАҒ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН)**

Мұқтаждар мен міскіндердің анасы, мейірімділік пен қайырымдылық анасы.

Ол Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үйінде бар-жоғы 8 ай тұрып, жарық дүниемен қош айтысқан. Зәйнәб Бәдір соғысында жекпе-жекте шәһид болған Ғұбайда ибн Харис әл-Мутталибидің (Аллаһ оған разы болсын) жесірі еді. Зәйнәб күйеуі шәһид болған кезде жаралыларға көмек көрсетіп, жарақаттарын таңумен шұғылданып жүрген-ді. Күйеуінің қазасы оны өз міндетін орындаудан тоқтатқан жоқ. Ол мүшріктермен арадағы алғашқы соғыста Аллаһ тағала мұсылмандарға жеңіс бергенше, өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарған. Зәйнәбтің төзімділігін, табандылығын, сабырлылығын көрген Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) күйеуінен айырылған оған сүйеніш таныту мақсатымен өзіне некелеп, оны «мүміндердің анасы» дәрежесіне көтерген.

Толық есімі – Зәйнәб бинт Хузәйма ибн Харис ибн Омар әл-Ғиләлия.

Анасы – Ғинд бинт Ауф ибн Зуһайр ибн Харис әл-Химәрия. Ол жайлы «Арабтарда Ғинд Ауфқызындай мәртебелі күйеу балаларымен танымал әйел жоқ» делінетін. Себебі оның қыздары Әбу Бәкір Сыддық, Абдулмутталибтің ұлдары Хамза және Аббас сияқты құрайыштардың беделді де абыройлы адамдарына тұрмысқа шыққан. Сондай-ақ бұл кісі Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тағы бір әйелі – Мәймуна Харисқызының, Жағфар ибн Әбу Талибтің әйелі – Әсмә Умәйсқызының, Хамза ибн Әбу Талибтің әйелі – Сәлмә Умәйсқызының шешесі еді.

Ғинд Хадишадан (Аллаһ оған разы болсын) кейін Исламды қабылдаған екінші әйел. Сондай-ақ тарихта оның Әбу Ләһәбты ұрғаны жайлы дерек бар. Бұл алғашқы Бәдір шайқасында құрайыштар жеңіліс тапқан кезде орын алған жайт еді.

Мұсылмандардың жеңісі жайлы хабар Меккеге жеткенде, Әбу Ләһәб ызадан булығып, аласұрып кетеді. Бұған шыдамаған Ғинд Ауфқызы оның басынан таяқпен бір салады. Тиген соққының қаттылығы соншалық, төбе құйқасынан саулап қан ағады. Әбу Ләһәб бұл соққыдан ұзақ уақыт зардап шегіп, ақыры осының салдарынан өледі. Өлер шағында одан әйел, бала-шағасының барлығы теріс айналған-ды, Аллаһтың оған лағынеті болсын!

Зәйнәб Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үйінің босағасын Хафса Омарқызынан кейін аттаған мүміндердің бесінші анасы еді. Ол өмірімен қош айтысқанда отызға да толмаған-ды.

Қысқа ғұмырын кедей-кепшік пен мұқтаждарға қарайласумен өткізген Зәйнәб, өзін материалдық қажеттіліктер мен дүниелік қызықтардан қашық ұстайтын. «Мұқтаждар мен міскіндердің анасы» деген атына заты сай Зәйнәбтің құштар нәрсесі кедей-кепшікті азғантай болса да бірдеңемен қуанту болатын.

Зәйнәб көз жұмғанда, жаназасын Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шығарып, денесі Бақиғқа жерленеді. Ол – осы қорымда жерленген мүміндердің алғашқы анасы. Аллаһ оған разы болсын! Сондай-ақ ол – Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көзі тірісінде дүние салған екінші әйелі. Мүміндердің анасы – Зәйнәб Хузәймақызын Аллаһ жарылқасын!